

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Басқармасы 1999 жылғы 7 қазандағы N 325 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 17 ақпан тіркелді. Тіркеу N 1059. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2008 жылғы 28 қарашадағы N 95 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2008.11.28 N 95 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы) Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнының қауіпсіздігін қамтамасыз ету тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелері бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы (Абдулкаримов С.Х.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап осы қаулыны және бекітілген Ережелерді төлем жүйесін пайдаланушылардың бәріне жіберсін.

4) қауіпсіздік офицері - төлем жүйесінің ақпаратты төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнында рұқсат етілмеген кіруден қорғаудың бағдарламалық-аппараттық кешенін орнатуды және жұмысын қамтамасыз ететін, сондай-ақ олардың жұмыс істеу қабілетін бақылауды жүзеге асыратын жауапты қызметкері;

5) төлем жүйесін пайдаланушы - "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнымен төлем жүйесінде қызмет көрсету туралы шарт жасаған банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым;

6) рұқсат етілмеген кіруден қорғаудың бағдарламалық-аппараттық кешені - компьютерлерді бөгде тұлғалардың пайдалануынан қорғау, орнатылған бағдарламалық қамтамасыз етудің және деректердің тұтастығын бақылау, сондай-ақ тіркелген пайдаланушылардың ақпарат ресурстарына кіру жөніндегі өкілеттіктерін шектеуге арналған жүйе;

7) төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орны - төлем жүйесінің терминалы орнатылған дербес компьютер;

8) төлем жүйесінің қауіпсіздік қызметі - "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ақпарат ресурстарының қауіпсіздігін және қорғауды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімше;

9) кіруді тіркеу құралдары - объектілерге кіру туралы ақпаратты белгілеуге мүмкіндік беретін техникалық, бағдарламалық немесе басқа құралдар;

10) төлем жүйесінің терминалы - төлем жүйесіне кіруді қамтамасыз ететін, төлем жүйесін пайдаланушылар болып табылатын екінші деңгейдегі банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда орнатылатын бағдарламалық қамтамасыз ету;

11) кілттерді бөлу орталығы - негізгі ақпаратты жинау, тарату немесе жасау кезінде белгілі бір технологиялық рәсімдерді жүзеге асыратын ұйым.

Ескерту: 1-тарау жаңа редакцияда жазылды, өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6, 2007 жылғы 18 қаңтардағы N 5 қаулысымен.

2-тарау. Жұмыс орнын орналастыру

Ескерту: 2-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен.

1. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орыны арнайы бөлінген үй-жайда орналастырады.

2. Орналасқан жеріне, арнаулы жабдыққа және төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орны ұйымдастырылған үй-жайдың қорғауына, сол

үй-жайға қол жеткізуге рұқсат берілмеген тұлғаларға төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына бақылаусыз дендеп кіру мүмкіндіктерді шығарып тастауға тиіс.

3. Үй-жай бақыланбалы аймақта тұруы қажет, бекем кіретін есіктерге сенімді құлыптар орнатылып қол жеткізуді тіркеу құралдары болуы қажет. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орны орналасқан үйден 50 метр радиуста күзетілетін және бақыланатын аймақ болмаған жағдайда, бөлмеге электромагниттік арналар бойынша ақпараттың жария болмауынан қорғайтын құралдар орнатылуға тиіс. Үй-жайлар бірінші және соңғы қабаттарда орналасқанда, сондай-ақ терезелерге жақын орналасқан балкондар, өрт басқыштары және т.б., үй-жайлар терезелерді торлармен жабдықтауға керек. Үй-жайлардың есіктері мен терезелері күзет дабылдамасымен жабдықтауға қажет.

Ескерту. 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 28 ақпандағы N 61 қаулысымен.

3-1. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнын жаңа орынға ауыстырған жағдайда төлем жүйесін пайдаланушы пайдаланылған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (бұдан әрі - Ұлттық Банк) хабарлайды.

Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007 жылғы 18 қаңтардағы N 5 қаулысымен.

3-тарау. Ақпаратты және бағдарламалық қамтамасыз етуді рұқсат етілмеген кіруден қорғау

Ескерту: 3-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен.

4. Төлем жүйесінің терминалы осы мақсат үшін арнайы бөлінген, конфигурация, онда орнатылған аппараттық және бағдарламалық құралдар жөніндегі нақты деректері бар паспорты бар дербес компьютерде орнатылады.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен.

5. Төлем жүйесіне байланысты емес арнаулы міндеттерді шешу - электронды құжатты дайындау, өңдеу, беру, жүргізу үшін іс-қимылдардан басқа бағдарламалық құралдарды төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнында орнатылуға рұқсат берілмейді.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен.

6. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орны рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғайтын бағдарламалық-аппараттық кешені болуы тиіс, оның ішіне

пайдаланушыларды тану құралдары, және пайдаланушылардың қимылдарына және төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізу уақиғаларды бақылау мақсатында электронды құжаттарды сақтау мерзімінде электронды журналдар жүргізілетін мүмкіншілігі кіреді.

Ескерту: 6-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен .

7. Ақпараттық жүйелерге кірер алдында пайдаланушының сәйкестендіру бір жүйелі атына бір жеке адамның сәйкестелуі қажет.

8. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орны бағдарламалық қамтамасыз етудің тұтастығын қамтамасыз ететін құралдары болуы тиіс. Құралдар тұтастығының бұзылғаны туралы күдік болған немесе тұтастығының бұзылғаны туралы ескертулер алынған жағдайда төлем жүйесінің қауіпсіздік қызметіне жедел хабарлау қажет.

Ескерту: 8-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен .

9. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнының жүйелі блогы мөрленіп немесе пломба салынуға тиіс.

Ескерту: 9-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен .

10. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізуді қамтамасыз ететін техникалық құралдарының, парольдерінің, код сөздерінің немесе өзге ақпараттың пайдалану және сақтау тәртібі рұқсат етілмеген пайдалану мүмкіндіктерді шығарып тастауға тиіс.

11. Рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғайтын құралдарға әкімгер құқықтары тиісті өкілеттіктері бар төлем жүйесін пайдаланушының қауіпсіздік офицеріне ғана берілу қажет.

12. Төлем жүйесін пайдаланушының ақпараттық жүйесінде дайындалған электронды құжаттарды төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына беру технологиясы (электронды құжаттар беру анықталған тәртібі) сол электронды құжаттарға рұқсат етілмеген қол жеткізу мүмкіндіктерді шығарып тастауға тиіс.

13. Ресурстарға қол жеткізу тәртібі (диск кеңістігі, директориялар, жүйелі ресурстар, деректер қоры және т.б.) бөлінген төлем жүйесіне беру үшін олардың ішіне ақпаратты қорлану үшін, төлем жүйесінен ақпарат алу, сақтау, мұрағаттау немесе ақпаратты өзге өңдеп сол ресурстармен жұмыс істеуге рұқсат етілмеген тұлғаларға қол жеткізу мүмкіндіктерді шығарып тастауға тиіс.

13-1. Төлем жүйесін пайдаланушы мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы" шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны арасында байланысты жүзеге

асыратын бағдарламалық қамтамасыз етуге, рұқсат етілмеген кіруден қорғаудың бағдарламалық-аппараттық кешеніне, сондай-ақ төлем жүйесін пайдаланушының ақпарат жүйесінде дайындалған электрондық құжаттарды өткізу технологиясына өзгерістер енгізілген жағдайда төлем жүйесін пайдаланушы пайдаланылған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке хабарлайды.

Ескерту: 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007 жылғы 18 қаңтардағы N 5 қаулысымен .

4-тарау. Негізгі ақпаратты сақтау және пайдалану

Ескерту: 4-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен .

14. негізгі ақпарат сыртқы иесінде (дискета, пластикалық карточка және т.б.) болуы тиіс.

15. Негізгі ақпаратты сыртқы иесінде сақтау және пайдалану тәртібі оларға рұқсат етілмеген қол жеткізуден мүмкіндіктерді шығарып тастауға тиіс.

16. Негізгі ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат етілген тұлғалар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ақпарат сақталуына және жарияланбауына дербес жауап береді.

17. Негізгі ақпаратты сыртқы иесінде сақтау үшін үй-жайдың ішінде сенімді болып бекіте алатын құрылғылармен жабдықталған жағдандар орнатылуы тиіс.

18. Жұмыс күні біткен соң негізгі ақпаратты сақтау сыртқы иелері жағдандарда болуға тиіс.

19. Негізгі ақпаратқа қол жеткізуге рұқсат етілген қызметкерлер жұмыстан босатылған жағдайда, негізгі ақпаратты беделін түсірген немесе беделін түсіру әрекеттер болған жағдайларда негізгі ақпаратты жоспарланбай ауыстыру қажет. Негізгі ақпаратқа қол жеткізе алатын қызметкер жұмыстан босатылған күнінен, немесе бұрыннан, жаңа негізгі ақпарат іске қосылады.

20. Т ы ы м с а л ы н а д ы :

- 1) негізгі ақпарат иесінен рұқсат етілмеген көшірмелерді түсіру;
- 2) негізгі ақпарат иесінің мазмұнымен таныстыру және қол жеткізілмейтін тұлғаларға негізгі ақпарат иесін тапсыру;
- 3) негізгі ақпаратты дисплейге не принтерге шығару;
- 4) жүйенің жұмыс істеуінің көзделмеген тәртіптемесінде негізгі ақпарат иесін о қ и т ы н құ р ы л ғ ы с ы н а тұ р ғ ы з у ;
- 5) негізгі ақпараттың сыртқы иесіне өзге ақпаратты жазуға.

5-тарау. Қызмет көрсетуші қызметкерлердің жұмысын ұйымдастыру

Ескерту: 5-тараудың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен .

21. Төлем жүйесін пайдаланушы шығаратын бұйрықта анықталады:

1) төлем жүйесіндегі жұмыс істейтін тәртіптемесі (жұмыс уақыты, үзіліс уақыты, кешкі сағаттарда жұмыс істеу тәртібі, демалыс және мейрам күндерде жұмыс істеу тәртібі және т.б.);

2) төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізе алатын қызметкерлер тізімі;

3) негізгі ақпаратпен сыртқы иелерге қол жеткізе алатын қызметкерлер тізімі;

4) төлем жүйесіндегі электронды құжаттарды қабылдауға және беруге рұқсат беріле алатын қызметкерлер тізімі;

5) ерекше жағдайларда төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізе алатын қызметкерлер тізімі;

6) қауіпсіздік офицердің міндеттерін атқаратын қызметкерлер тізімі;

7) төлем жүйесіне берілген және төлем жүйесінен қабылдап алынған барлық электронды құжаттардың сақтауын және мұрағаттауын жүзеге асырайтын қызметкерлер тізімі.

22. Төлем жүйесін пайдаланушының ішкі ережелерімен анықталады:

1) қол жеткізуге міндетті тұлғаның және төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орны орналасқан үй-жайға қол жеткізуге тәртібі мен бақылаудың процедуралары;

2) төлем жүйесіне берілген және төлем жүйесінен қабылдап алынған барлық электронды құжаттарды сақтаудың және мұрағаттаудың тәртібі мен процедуралары, сондай-ақ сол мұрағатқа қол жеткізу тәртібі;

3) төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнының жүйелі блогіндегі мөрлер немесе пломбалардың тұтастығы бойынша бақылау процедуралары.

Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен .

23. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізе алатын қызметкерлеріне төлем жүйесін пайдаланушының ішкі ережелерімен және нұсқаулықтарымен анықталады:

1) нақты міндеттері мен өкілеттіктері;

2) төлем жүйесінің хабарларды беруге не қабылдауға рұқсат беру тәртібі;

3) еңбек демалыстарға, жұмыстан босатқанға және орнын басуға сияқты уақытша жоқ болмаған жағдайлардың тәртібі;

4) барлық келгендер, кеткендер, орнын басқандар, жоқ болғандар, кезектерді табыстау туралы, ерекше жағдаймен қол жеткізіп үй-жайға келген тұлғалар туралы толық ақпараттар (күні, уақыты, аты-жөні, лауазымы, келудің мақсаты, қолы) тіркеу тәртібі;

5) негізгі ақпаратпен сыртқы иесінің сақтау тәртібі;

6) ескіріп қалған негізгі ақпарат пайдалана тұра қол қойылған немесе шифрленген электронды құжаттар сақталатын мерзімінің ішінде ескіріп қалған негізгі ақпаратты сақтау тәртібі;

7) негізгі ақпарат пайдаланған ұзақтығы мен шындығы туралы толық ақпараттар (күні, уақыты, аты-жөні, лауазымы, келудің мақсаты, қолы) тіркеу тәртібі;

8) төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізе алуды қамтамасыз ететін техникалық құралдардың, код сөздердің парольдері және өзге ақпараттың сақтау және пайдалану тәртібі.

2 4 . < * >

Ескерту: 24-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2006 жылғы 2 ақпандағы N 6 қаулысымен .

25. Төлем жүйесінде жұмыс істеуге рұқсат берілген қызметкерлерден құпия ақпараттарды, негізгі ақпараттары мен парольді жарияланбау, таратылмау жөнінде міндеттеме алу қажет.

26. Төлем жүйесінде жұмыс істеуге рұқсат берілген қызметкерлер келесі санаттарға бөлінуге тиісті:

1) әкімгер, меншікті ашық және құпиялық кілттерді тікелей шығарып, кілттерді бөлу орталығында кілттердің тіркеуді жүзеге асырады, кілттерді бөлу орталығында меншікті тіркелген кілттерді пайдаланып, сондай-ақ өңдеуге - төлем жүйесіне хабар беруге және төлем жүйесінен қабылдап алуға рұқсат береді ;

2) оператор (әкімгердің орнын басатын тұлға), хабардың тікелей дайындауын, беруін және қабылдауын жүзеге асырады;

3) қауіпсіздік офицері, төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнына қол жеткізілген қызметкерлердің тіркеу және қауіпсіздік талаптардың орындалуына бақылау жұмысын жүргізу міндеттерді атқарады.

27. Ағымдағы және жедел қауіпсіздік туралы мәселелер шешу қажеттілігі болса әкімгер қауіпсіздік офицерімен бірге төлем жүйенің қауіпсіздік қызметімен өзара бірігіп шешеді.

6-тарау. Төлем жүйесін пайдаланушының жұмыс орнын аттестациялау

Ескерту: 6-тарау (28-34 тармақтар) алынып тасталды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007 жылғы 18 қаңтардағы N 5 қаулысымен .

7-тарау. Қорытынды ережелер

Ескерту: 7-тараумен толықтырылды - ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 2007 жылғы 18 қаңтардағы N 5 қаулысымен .

35. Төлем жүйесін пайдаланушының осы Ережелерде белгіленген шарттарды және талаптарды сақтауын тексеру "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

36. Осы ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к і

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК